






БЕКІТЕМІН  
"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық техникалық университеті"  
КеАҚ басқарма төрағасы-ректор  
А.М. Наметов  
« 07 » 09 2021 ж.

**«ЖӘРДЕМ-ВЕТ»  
ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ  
МАЛДЫ БАҒЫП-КҮТУШІ ЖҰМЫСШЫНЫҢ  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

СМЖ.07.ЛН.188

№ 02 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: 01.09.2021 ж. Сидихов Б.М. 	Келісілді: 06.09.2021 ж. Губашев Н.М.  Алмағамбетова М.Ж.  Таскалиев Е.К.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 08.09.2021 ж. 07.09.2018 ж. СМЖ.07.ЛН.217 Қайта қаралуы 09.09.2024 ж.
---	--	--

## Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген уақыты	Бет саны	Құрастырған	
			А.Т.Ә.	Қолы

## **1. Бағыты**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құрастырылған.

## **2. Қолданылуы**

Осы нұсқаулық «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының мал-бағып күтуші жұмысшыға арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

### **3.1. Малды-бағып күтуші міндетті:**

3.1.1. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығындағы мал басы мен құстарды, төлдерді және зертханалық жануарларды күтіп-бағуға, түнгі уақытта жануарларды жем-сумен қамтамасыз етуге;

3.1.2. Мал басын көбейтуді қамтамасыз етіп, жұмыстарын жүзеге асыруға;

3.1.3. Ветеринарлық-санитарлық және сақтандыру шараларын жүргізуге қатысуға;

3.1.4. Жануарлар қорасын кешенді механизациялау шараларының жоспарын орындауға қатысуға;

3.1.5. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығындағы қора жайдың тазалығын және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

3.1.6. Қоршаған ортаның қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және өрттен қорғау ережелерінің сақталуын бақылауға;

3.1.7. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының аумағындағы тротуарды тазалап, сыпырып, жинастыруға;

3.1.8. Орталық айналасының қоқыстармен бүлінбеуін қадағалауға, ауладағы қоқыс жинағыштарды уақытылы тазалауға, аумақты таза ұстауға және санитарлық заласыздандыруды қамтамасыз етуге, (қора-жайларды ақтауға);

3.1.9. Жасыл желектің бүлінуіне, тапталуына жол бермеуге, қоршауларын мұқият сақтап, жасыл желекті күтіп баптауға, өсіп кеткен көктерді сәндеп қиып отыруға;

3.1.10. Түнгі уақытта жұмыс орнында ғимаратты және ондағы мүліктерді құқыққа қайшы қол сұғушылардан қорғауға;

3.1.11. Түнгі кезекшілік уақытында ғимаратты және бекітілген аймағының іші-сыртын әрбір 2 сағат сайын тексеріп шығуға;

3.1.12. Өзіне жүктелген тапсырманы орындауға;

3.1.13. Өз өкілеттігі шеңберінде СМЖ іс-әрекетіне қолдау көрсету.

### **3.2. Бағыныштылығы:**

3.2.1. Малды-бағып күтуші жұмысшы басқарма төрағасы – ректордың бұйрығы бойынша тағайындалып, жұмыстан босатылады.

3.2.2. Малды-бағып күтуші жұмысшы тікелей «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының меңгерушісіне бағынады.

3.3. Малды-бағып күтуші жұмысшы мына ережелерді білу керек:

3.3.1. Университеттің ішкі тәртіп ережесі.

3.3.2. Кәсіби қызметтік нұсқауы.

3.3.3. Еңбек қорғау ережелері мен нормалары.

## **4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі**

4.1. Малды-бағып күтуші жұмысшының жауапкершілігі:

4.1.1. Негізгі нұсқаудағы қызметтік міндетін талапқа сай атқармаған жағдайда ҚР Еңбек кодексінде көзделген нормалар бойынша жауапты.

4.1.2. Қызмет орынында заң талаптарын бұзғанда ҚР әкімшілік, азаматтық, қылмыстық кодекстерінде көзделген нормалар шегінде жауапкершілікте болады.

4.1.3. Жұмыс орынында материалдық шығын келтірсе ҚР еңбек, азаматтық және қылмыстық кодексінде көзделген нормалар шегінде жауапқа тартылып, шығынның орынын толтырады.

4.2. Малды-бағып күтуші жұмысшының құқықтары:

4.2.1 Кәсіби қызметін бір қалыпты атқаруға қажетті жағдайларды жасауды талап етуге;

4.2.2. Әрбір еңбек еткен жылына төленбелі 24 күндік еңбек демалысына шығуға;

4.2.3. Өзінің еңбек ету барысында кәсіби жетістігін, адамгершілік намысын қорғауға;

4.2.4. Еңбек ету барысындағы жетістіктері үшін әкімшіліктен материалдық, моральдық тұрғыда марапатталуға құқылы.

#### **4. Құжаттама**

-

#### **5. Сілтемелер**

6.1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

6.3. ҚР «Ветеринария туралы» Заңы 10.07.2002 ж. № 339 - II;

6.4. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

6.5. ҚР СТ ИСО 9001-2015 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

6.6. Ішкі тәртіп ережесі. СМЖ.08.ҚЕ.06.

6.7. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ жарғысы